



Magzhan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 21 (872) 29 мамыр 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi | https://vk.com/Magzhan zhuldizi | e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ЖҰМЫС САПАРЫ



ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ЖҰМЫС ІСТЕУДІ

Құрметті мағжандықтар!
«Magzhan juldzy» газетінде «Жедел желі» жұмыс істейді.

Сіздер желі арқылы жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпкерлік құрылымдардың қызметі және басқа да өмірлік маңызды мәселелер бойынша ескертулеріңізді, сұрақтарыңызды және ұсыныстарыңызды жеткізе аласыз.

Осылайша, газет арқылы халық пен билік арасында байланыс нығая түспек.

Барлық келіп түскен мәселелер газетте жарық көріп, атқарушы биліктің тиісті құрылымдары мен қоғамдық ұйымдардың нақты жауаптары жарияланатын болады.

Өзекті мәселелер бойынша 8-705-111-11-74 WhatsApp нөмірі бойынша хабарласуға немесе жазбаша түрде e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz электрондық поштасына жолдауға болады.

Өзін мекен жайыңыз: Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй, «Magzhan juldzy» газетінің редакциясы.

Анонимді хабарламалар қарастырылмайды.

ҚҰРЫЛЫС-ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ – АУДАН ӘКІМІНІҢ ЖЕКЕ БАҚЫЛАУЫНДА



Аудан әкімі Рахат Смағұлов жұмыс сапарымен Аққайың және Қарақоға ауылдық округтерінде болып, әлеуметтік маңызы бар нысандарда жүргізіліп жатқан жөндеу және құрылыс жұмыстарын танысты.

Рахат Назымбекұлы Октябрьское ауылында су тарату желілері мен су құбыры құрылыстары алаңын салу жобасының аяқталу барысын тексерді.

Қазіргі уақытта жүйені іске қосу-баптау, жуу және баспақтау жұмыстары жүргізілуде.

Қарақоға ауылында аудан басшысы Қарақоға-Надежка автомобиль жолында асфальт төсеу жұмыстарының сапасын тексерді.

Өткен жылы осы жоба бойынша 586,8 млн. теңге 5,6 шақырым асфальт салу жұмыстары орындалыпты. Биылғы жылы қалған 4,4 км учаскеге асфальт салынбақ. Оған 403,2 млн. теңге көзделген.

Сондай-ақ, биыл Қарақоға ауылында су айдау құрылыстарының алаңын қайта құрумен бірге тарату желілерін салу жобасын іске асыру басталған екен. Жобаның құны - 222,0 млн. теңгені құрайды.

Жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасын мен орындалу мерзімдерін бақылау - барлық объектілерде жұмыстар толық аяқталғанға дейін қамтамасыз етілетін болады. Біз, аудан аумағында жүргізіліп жатқан құрылыс және жөндеу жұмыстарын қатаң бақылаймыз. Оған мүдделі органдар, жергілікті өкімдіктер, мемлекеттік мекемелер және қарапайым халық тартылып отыр. Басты мақсат - барлық жұмыстар уақытылы әрі сапалы орындалу қажет, - деді Рахат Смағұлов мердігерлермен кездесуде.



БУЛАЕВ ҚАЛАСЫ МЕН МЕДВЕЖКА АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«ҮЗДІК АУЛА» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Булаев қаласы мен Медвежка ауылының тұрғындары!

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Булаев қаласы әкімінің аппараты «Үздік аула» атағына конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысу үшін 2025 жылдың 30 шілдесіне дейін конкурстың өтінім беру қажет.

Анықталма телесөнісі: 8-715-31-2-14-07.

эстетикалық тартымдылығын қамтамасыз ету, тұрғындарды аула аумақтарын абаттандыру жұмыстарына белсенді тарту, аула аумақтарын абаттандыруға белсенді қатысқаны үшін тұрғындарды көтермелеу және Булаев қаласы мен Медвежка ауылының эстетикалық тартымды бейнесін жасау болып табылады.

1.4. Байқауды Булаев қаласы әкімінің аппараты өткізеді.

1.5. Конкурсты өткізу мерзімі: ағымдағы жылдың 1 маусымынан 1 тамызына дейін өткізіледі.

1.5. Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер 1-қосымшаға сәйкес қабылданатын, оны bulaevo-akim@mail.ru электрондық поштасына жолдау қажет.

Конкурсты өткізу тәртібі мен шарттары

2.1. Конкурсқа жеке және заңды тұлғалар, жеке және көптегерлі үйлердің тұрғындары, МИБ (мүлік иелерінің бірлестіктері), ЖК (жай серіктестіктер), кондоминиум объектілері, тұрғындардың болуы, оларға күтім жасау, гүлзарлардың көркемдік-эстетикалық безендірілуі, жасыл екіпелердің жай-күйі, кіреберістер мен кіреберіс есіктердің жай-

күйі, қалдық материалдардан жасалған қолөнермен учаскені безендірудің өзіндік ерекшелігі мен эстетикасы, ғимараттардың қасбеттерінде түрлі-түсті инсталляциялар жасау, аумақты абаттандыруға тартылған адамдардың саны, тұрғындардың жеке үлесі, іргелес аумақты абаттандыру бойынша акциялар өткізуді ұйымдастыру, аула тұрғындары арасында дәстүрлердің болуы, аула аумағын ұстаудың жүйелілігі.

2.3. Конкурсстық комиссия мынадай құрамда құрылады: конкурстық комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және конкурстық комиссияның мүшелері.

Конкурстық комиссияның құрамына қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, қиыметтік емес ұйымдар, БАҚ және бюджеттік ұйымдардың өкілдері кіруі мүмкін.

2.4. Байқау 3 кезеңде өткізіледі:

- 1 кезең 1-30 шілде аралығында - өтінімдерді қабылдау;

- 2 кезең 1-10 тамыз аралығында конкурстық комиссияның жұмысы, өтініш берушілерді аралау;

- 3 кезең 12-15 тамыз аралығында конкурстық комиссияның жөнімпаздарын анықтау.

Жөнімпаздарды марапаттау 2025 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған мерекелік іс-шарада өтеді.

Жөнімпаздар грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

2.5. Конкурстың номинациялары мен бағалау критерийлері.

Бағалау 10 балдық шкала бойынша өтеді (3-қосымша) келесі номинациялар бойынша: Булаев қаласындағы «Үздік аула» (1, 2, 3 орын).

Медвежка ауылындағы «Үздік аула», өтінім берген әрбір елді мекенде бір орын. «Үздік аула» іргелес аумақ бизнес нысаны (1, 2, 3 орын).

1 қосымша

Конкурсқа қатысуға өтінім
Номинация атауы: _____
Т.А.Ә. (жеке тұлғалар үшін) _____

Мекеменің атауы және басшының Т. А. Ә. (заңды тұлғалар үшін) _____

Мекен жайы немесе орналасқан жері: _____

Конкурс шарттарымен келісемін.
Байланыс телефоны _____

(Қолы) _____ (тегі, аты-жөні)
« _____ » _____ 2025 жыл



ТАЗА ҚАЗАҚСТАН
КИЕЛІ МЕКЕН

«ҮЗДІК АУЛА» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1.1. «Үздік аула» конкурсы - «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберінде өткізіледі және қоршаған ортаға жауапкершілікпен және ұқыпты қараудың орнықты экологиялық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған.

1.2. Байқаудың мақсаты - Булаев қаласы мен Медвежка ауылының барлық тұрғындарын елді мекендерді абаттандыруға, туған жердің сұлулығын қадағалау және тазалығын сақтау бойынша жауапкершілікке тарту, ескелең ұрпақтың өз Отанына деген патриоттық сезімін тәрбиелеу болып табылады.

1.3. Байқаудың міндеттері - аула аумақтарының тазалығын, тәртібін және

Мағжан Жұмбаев ауданы Полудин ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ЖАНСҮГІРОВА ГҮЛЖАН СЕРІКҚЫЗЫ

ӨМІРБАЯНЫ



1980 жылы 30 қыркүйекте СҚО Бескөл ауданы Новокаменка ауылында дүниеге келген.

Білімі - жоғары, 2021 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Полудин ауылдық округінің әкіміне кандидат болып өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Еңбек жолын 2001 жылдан 2003 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ маманы болып бастаған.

2003 жылдан 2005 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «На-

лобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік тілде іс жүргізуші және маман болып жұмыс істеген.

2005 жылдан 2009 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ жетекші маманы болып қызмет еткен.

2009 жылдан 2011 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, ӘЕА және салық жинау бойынша бас маманы лауазымын атқарған.

2011 жылдан 2013 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобин ауылдық округі әкімінің аппара-

ты» ММ іс жүргізу, нотариаттық іс-қимыл және салық жинау бойынша бас маман болып жұмыс істеген.

2013 жылдан 2022 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ іс жүргізу және нотариаттық іс жүргізу жөніндегі бас маманы болып қызмет атқарған.

2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін СҚО, Мағжан Жұмбаев ауданы, Булаев қаласында «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ ішкі саясат мәселелері бойынша бас маманы болып жұмыс істейді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Полудин ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде әрекет ету туралы менің шешімім азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыру, әлеуметтік - экономикалық міндеттерді іске асыру мақсатында өзінің барлық дағдыларын, білімі мен өмірлік тәжірибесін қолдана

отырып, ауылдық округте жұмысты бастауға ұмтылудан туындады.

Егер мені жерлерестер сайласа, келесі мақсаттарға жұмысымды бағыттаймын: - жалғыз тұратын зейнеткерлерді, мүмкіндігі шектеулі жандарды, көп балалы отбасыларды және аз қамтылған аза-

маттарды қолдау бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;

- жаңа жұмыс орындарын құру және ауылдағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;

- елді мекендерді абаттандыру,

ауылшілік жолдарды, кірме жолдарды жөндеу, көше жарығын жөндеу, сумен жабдықтау объектілерін реконструкциялау;

- ауылдық жерлерде мәдениет пен спортты дамыту үшін жағдай жасау.

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмбаев ауданы Полудин ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ҚАЛИЕВ МӘДЕНИЕТ МӘКЕНҰЛЫ

ӨМІРБАЯНЫ



1964 жылы 4 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы, Пришимск ауылында дүниеге келген. Білімі - жоғары, 1990 жылы - Целиноград ауыл шаруашылығы институтын зоотехния мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1990 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданындағы «Полудин»

арнайы кеңшарының №1 бөлімшесінің мал шаруашылығы маманы болып бастаған.

1992 жылдан 1996 жылға дейін «Полудин» арнайы кеңшарында асыл тұқымды мал бригадасының жетекшісі болып жұмыс істеген.

1996-1998 жылдары «Полудин» арнайы кеңшарында бас зоотехник, 1998-1999

жылдары «Полудинский» ЖШС директорының коммерция жөніндегі орынбасары лауазымдарын атқарған.

2000 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Полудин ауылдық округінің әкімі лауазымында қызмет етеді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Полудин ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде қатысуға шешім қабылдау арқылы ауылдағы бар әлеуметтік мәселелерді шешуге бар күшімді салуды көздеп отырмын.

Мен Полудин ауылдық округі тұрғындарының тағдырына бей-жай қарамаймын. Сондықтан мен бар күшімді саламын, білім мен тәжірибемді округ тұрғындарының өмірін жақсартуға жұмсаймын.

Ауылдық округте жұмыс істеген уақытымда ауыл ішіндегі үш шақырымдық асфальтті жабынмен жолдарға, оның ішінде барлық әлеуметтік нысандарға баратын жолдарға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2009 жылы ұзындығы 10,5 шақырым болатын су тарту желілерін толық қайта жаңарту жұмыстары жүргізілді.

Ганькино стансасында 47 баған және бір колонка орнатылды, мұнда тұрғындардың үйіне су тарту мүмкіндігі бар, 2009 жылы ескі мәдениет үйі сақталып, жөндеуден өтті, қазіргі уақытта жұмыс істеп тұр.

Округ бойынша барлық елді мекендердің 87 пайызын қамтыған көшелерді жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Биылғы жоспарда Полудино ауылында Амангелді көшесінің жолдарын асфальттау, Сәбит Мұқанов, Бондарев көшесіне бұрылысқа қиыршықтас төсеу жоспарланған. Фабит Мүсірепов көшесінде еріген суды ағызу үшін ұзындығы 800 метр ор қазу арқылы су тасқынына қарсы іс-шара жүргізілді, жыл сайын қоқыстар үйіндісін ретке келтіреміз.

Егер мені алдағы бірнеше жылға әкім етіп сайласаңыздар:

- Наталья Ковшова, Амангелді,

Сәбит Мұқанов көшелеріндегі ауылшілік жұмыстарға орташа жөндеу жұмыстарының сапалы орындалуына күш саламын;

- Полудино ауылындағы Наталья Ковшова, Абай Құнанбаев көшелеріне қиыршықтас төсеу жұмыстарының сапалы орындалуына күш саламын;

- Полудино ауылында балалар ойын алаңын сапалы орнатуға тырысамын.

- Ганькино кенті мен Ганькино стансасының ішкі ауыл жолдарын тегістеуге ықпал етемін;

- Полудино ауылына кіре-беріс жолды жөндеуге атсалысамын;

- Округ ауылдарының көшелерін сапалы жарықтандыруға тырысамын.

Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, сондықтан мен төмендегі міндеттерді орындау үшін қосымша қаржыландыру

көздерін іздеймін:

- ауылдың экономикалық дамуы және округ тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту;

- жаңа жұмыс орындарын құру; - бұқаралық демалыс, мәдениет және спорт орындарын дамыту;

- салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың бастамаларын қолдау;

- әлеуметтік осал отбасыларға, тұлға еңбеккерлеріне және жалғыз тұратын зейнеткерлерге қолдау көрсету;

- мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастарды оқыту және қайта даярлау;

- жастар арасында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, округте тұратын этностардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін сақтау.

Мағжан Жұмбаев ауданы Полудин ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ҚОНАЕВ РАМАЗАН МӘУЛЕТАЙҰЛЫ

ӨМІРБАЯНЫ



1987 жылы 30 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Булаев қаласында дүниеге келген. Білімі - жоғары, 2008 жылы Қазақстан-Ресей Ашық білім беру университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2010 жылы Солтүстік

Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы прокурорының көмекшісі міндетін атқарушы болып бастады.

2012 жылы «Мағжан Жұмбаев ауданының ішкі саясат бөлімі» КММ іс жүргізу жөніндегі инспекторы лауазымына ауысты.

2018 жылы «Мағжан Жұмбаев ауданы

әкімінің аппараты» КММ ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша бас маман болып қабылданды.

2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін аудан әкімінің терроризмге қарсы комиссия жұмысы жөніндегі кеңесшісі лауазымында жұмыс істейді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өз өлімнің азаматы және біздің ауданның бей-жай емес тұрғыны ретінде мен демократиялық қайта құруларға қатысудың маңыздылығын түсінемін. Менің мақсатым - сідзін қасыңызда болу және өр отбасының, өр тұрғынның игілігі үшін жұмыс істеу. Полудин ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер болуға шешім қабылдап, Мен өз білімімді, тәжірибемді және бастамамды пайдалана отырып, ауылымыздың өзекті мәселелерін шешуге барынша күш салуға ниеттімін.

Менің бағдарламамның негізгі бағыттары:

Бюджет бюджеттің ашықтығы мен тиімділігі

- Бюджет қаражатының ашық бөлінуін қамтамасыз ету;

- Шағын және орта бизнес саласындағы

инвестициялар мен бастамаларды тарту есебінен бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту;

- Ресурстарды мақсатты және тиімді пайдалануды қатаң бақылау.

Әлеуметтік қолдау

- Зейнеткерлерді, мүгедек адамдарды, көп балалы және аз қамтылған отбасыларды қолдау бағдарламаларын іске асыру;

- Қолжетімді әлеуметтік қызметтер мен консультациялық орталықтар құру.

Денсаулық сақтау және білім беру

- Жергілікті медициналық мекемені жаңғыртуға жәрдемдесу және медициналық қызметтердің сапасын арттыру;

- Мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерді қолдау, оларды қажетті ресурстармен және кадрлармен қамтамасыз ету.

Жұмыс және жұмыспен қамту

- Ауыл шаруашылығы, шағын бизнес және сервис саласында жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі жобаларды әзірлеу;

- Жастар және әйелдер кәсіпкерлік бастамаларын қолдау;

- Кәсіптік оқыту мен қайта даярлауды ұйымдастыру.

Сапалы ауыз су және инфрақұрылым

- Сумен жабдықтау мәселесін шешу: округ тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;

- Жолдарды жөндеу және салу, көшелерді жарықтандыру, көлікке қолжетімділікті дамыту.

Абаттандыру және жайлы орта

- Қоғамдық аумақтарды, саябақтарды, демалыс орындарын жайластыру; Елді мекендерді көгалдандыру және

олардың тазалығы жөніндегі бастамаларды қолдау;

Мәдени даму және бос уақыт

- Мәдени орталықтарды дамыту, бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру;

- Барлық жастағы шығармашылық, спорт және бос уақытты қолдау.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру

- Жергілікті халықтың мүдделерін ескере отырып, ұлттық және Өңірлік даму бағдарламаларын тиімді енгізу және бейімдеу.

Сіздермен бірге біз өз округімізді жайлы, заманауи және гүлденген жерге айналдыра аламыз деп сенемін. Тек жалпы күш-жігермен, Сіздердің қолдауларыңызбен біз осы мақсаттарға қол жеткізе аламыз деп сенемін!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмбаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат **ОМАРОВА ШЫРАЙЛЫМ РЫСБАЙҚЫЗЫ** **ӨМІРБАЯНЫ**

1985 жылы 28 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Лебяжье ауылында дүниеге келген. Білімі - жоғары, 2008 жылы Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша, 2010 жылы Көкше академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша, 2023 жылы «Бизнес және менеджмент магистрі» бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын бітірген.

Еңбек жолын 2006 жылы Лебяжье ауылындағы Лебяжье орта мектебінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып бастаған, 2006-2009 жылдар

аралығында Лебяжье орта мектебінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген. 2009-2010 жылдар аралығында Петропавл қаласындағы «Қазкоммерцбанк» АҚ Петропавл филиалында хатшы-референт қызметін атқарған.

2011-2012 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Пролетар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман хатшысы қызметінде болған.

2012-2013 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау жұмысы құрылымдық бөлімшесінің бас маманы болған.

2013-2014 жылдар аралығында Солтүстік

Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы әкімі аппаратының қызметкерлерді басқару құрылымдық бөлімшесінің меңгерушісі лауазымын атқарды.

2017-2021 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің әкімі қызметін атқарған.

2021 жылдан осы уақытқа дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарып келемін.

2021 жылы облыс бойынша жеңімпаз атанып, облыс атынан «Үздік ауыл әкімі» республикалық байқауына қатысқан.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауылдық округ әкімінің сайлауына қатысуға шешім қабылдап, мен ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бар күшімді саламын.

Мен Лебяжье ауылдық округі тұрғындарының тағдырына бей-жай қарамаймын. Сондықтан, ауылдық округ тұрғындарының өмірін жақсартуға бар күш-жігерімді, білімімді, тәжірибемді саламын. Ауылдық округте жұмыс істеген 5 жылдан астам уақыт ішінде АӘК алатын отбасы болмаған. Лебяжье және Құралай ауылдарында көшелерді 100% жарықтандыру, округтің ауылдарындағы әрбір үйге 100%

орталықтандырылған су құбыры жүргізілді, Лебяжье ауылындағы ауылшілік Революционная көшесіндегі жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді, халықтың бос уақытын қамту орталығы салынды, Лебяжье және Құралай ауылдарында балалар ойын алаңдары салынды, Лебяжье ауылында көше тренажерлары орнатылды, Лебяжье ауылында мал қорымдары салынды, Лебяжье және Құралай ауылдарына кіреберіс жолдары жөндеді, Құралай-Петропавл бағытындағы субсидияланған автобус бағыты ашылды.

Бірақ атқарылған жұмыстарға қарамастан,

ауылдық округ тұрғындарының өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін шешімін таппаған мәселелер бар.

Ауылшілік жолдарды жөндеу, мектеп ғимараттарын жөндеу, спортты дамыту бүгінде алдағы уақытта шешімін күтетін маңызды мәселелердің бірі.

Жиналған мәселелерді шешу үшін Сіздерден қолдау күтемін, құрметті жерлестерім!

Мені алдағы жылдарға әкім етіп сайласаныздар:

- Лебяжье ауылындағы Коммунистическая, Революционная, Молодежная, Строи-

тельная, Целинная, Зеленая және Құралай ауылындағы Орталық ауылшілік көшелерінің жолдарында орташа жөндеу жұмыстары жалғасады;

- Ауыл тұрғындарының демалысы үшін саябақ салынады;
- Қызыл Қазақстан орталау мектебіне күрделі жөндеу жүргізіледі;
- Құралай ауылында волейбол алаңы салынады;
- Лебяжье ауылында футбол алаңы салынады;
- Құралай ауылында мал қорымы салынады.

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмбаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат **ЗАҒЫПАРОВА ЭЛЬМИРА БАЙЗОЛЛАҚЫЗЫ** **ӨМІРБАЯНЫ**

1990 жылы 9 қараша Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Возвышенка ауылында дүниеге келген.

Білімі - жоғары, 2013 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Қаржы» мамандығы бойынша, «Экономика және бизнес бакалавры» біліктілігі бойынша бітірген.

2012-2015 жылдары «СҚО Мағжан

Жұмбаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ компьютер техникасының операторы, 2015-2016 жылдары «СҚО Мағжан Жұмбаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ бас маман хатшысының м.а., 2016-2020 жылдары «СҚО Мағжан Жұмбаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ бас маман хатшысы лауазымдарын атқарған.

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «СҚО Мағжан Жұмбаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жалпы мәселелер бойынша бас маман болып жұмыс істейді.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Лебяжье ауылдық округі әкіміне өзін-өзі кандидат ретінде ұсынып отыр.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Лебяжье ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде берген шешімімнің себебі, осы жұмысты атқарғым келеді, көшбасшылық дағдыларымды және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмірлік сапасын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындауға жұмсағым келеді.

Егер мені Лебяжье ауылдық округінің тұрғындары әкім етіп сайласа, қызметімді келесі мақсаттар бағыттағым:

- ауылшілік жолдары жөндеу мен қиыршықтас төсеу, жолдарды тегістеу

мен қысқы уақытта күтіп ұстау;

- округтегі елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту;
- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы және аз қамтылған азаматтар мен отбасыларға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
- жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру;
- ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықтандырумен қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларды іске асыру;
- мұқтаж адамдарға демеушілік

көрсететін азаматтармен жұмысты ұйымдастыру;

- ауылдықтар үшін жан-жақты мәдени даму жағдайларын жасау;
- мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастарды, жұмыссыз азаматтарды кәсіби оқытудан және қайта даярлаудан өтуге жәрдемдесу;
- іскер жастардың әлеуметтік-бұқаралық бағыттағы бастамаларын қолдау;
- округ тұрғындарының өл-ауқатын арттыруға жан-жақты атсалысу;
- әлеуметтік маңызы бар объектілердің

тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Мен мемлекетіміздің Конституциясы мен заңдарын басшылыққа ала отырып, округ халқының игілігі үшін қызмет ететін боламын.

Сондықтан, сайлау күні сайлау уәкесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздердің маған берген дауыстарыңыз – балаларымыздың, жастарымыздың, ата-аналарымыздың бақытты да баянды өмір сүріне қосқан үлестеріңіз болып табылады!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмбаев ауданы Таман ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат **СМАҒҰЛОВА ЖҰЛДЫЗ АҚАНҚЫЗЫ** **ӨМІРБАЯНЫ**

1983 жылы 8 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Құралай ауылында дүниеге келген.

Білімі - жоғары, 2008 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2007 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының №2 сотының курьері болып бастаған.

Әр жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданының сотының іс-жүргізушісі лауазымын атқарған. Солтүстік

Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы білім бөлімінің заңгері, бас маманының м.а. болып жұмыс істеген.

2013-2016 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық сотының Мағжан Жұмбаев аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы болып еңбек етеді.

2016-2023 жылдары «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы әкімінің аппараты» КММ құқықтық мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің құқықтық мәселелер жөніндегі бас маманы, ал 2023-2024 жылдары құқықтық мәселелер

жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы қызметін атқарған.

2024 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Мағжан Жұмбаев ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының Салық әкімшілігі және өндіріп алу бөлімінің бас маманы болып жұмыс істейді.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Таман ауылдық округінің әкіміне өзін-өзі кандидат ретінде ұсынып отыр.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Егер мені Таман ауылдық округінің тұрғындары әкім етіп сайласа, ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Ол үшін менің бірнеше жыл жинақтаған тәжірибем мен алған білім бар деп ойлаймын.

Егер мені сайлауда қолдаса, келесі мақсаттарға жұмысымды бағыттағым:

- мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға, көп балалы және аз қамтылған азаматтарға арналған әлеуметтік бағдарламаларды

іске асыру;

- жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;
- ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықтандырумен қамтамасыз ету;
- мұқтаж адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмыс ұйымдастыру;
- ауылдықтардың жан-жақтан мәдени дамуға жағдай жасау;
- ескелең ұрпақты салауатты өмір

салтын ұстануға баулу;

- ауыл тұрғындарының бос уақытын тиімді әрі пайдалы ұйымдастыру;
- жұмыссыздарды мансап орталығы арқылы оқудан және қайта даярлаудан өткізіп, тұрақты жұмыспен қамтуға атсалысу;
- азаматтарды өз ісін ашуға тарту, кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау;
- округ аумағында орналасқан елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту;
- ауылдықтардың лайықты өмір

сүріне барлық жағдай жасау.

Бірақ атқарылған жұмыстарға қарамастан, ауылдық округ тұрғындарының өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін шешімін таппаған мәселелер бар. Ауылшілік жолдарды жөндеу, тұрғындардың демалысын ұйымдастыру бүгінгі таңда жақын арада шешімін күткен өзекті мәселелердің қатарында.

Жиналған мәселелерді шешу үшін Сіздерден сайлауда зор қолдау күтемін!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

АУДАН МЕКТЕПТЕРІНДЕ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ



Бұл күн - мектеп бітірушілер үшін ерекше күн болғаны сөзсіз. Өйткені олар балалықпен қоштасып, болашаққа қадам басқан тұлғалар ұстаздарына алғыс айтып, 11 жыл білім нәрімен сусындатқан алтын ұя мектебіне бас иіп, құрметтерін көрсетті.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының салтанатты жиынына қатысып, оқушыларды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, тұлғаларға ересек өмірге сенімді жол тіледі.

- Биыл 163 оқушы 11 сыныпты бітірсе, тағы 310 оқушы 9 сыныпты аяқтағалы отыр. Олардың ішінде - «Алтын белгі»

25 мамыр – жексенбіге түскендіктен ауданның 39 мектебінде соңғы қоңырау мамырдың 23-ші жұлдызында соғылды.

белгісіне 5 үміткер және Үздік аттестатқа 9 үміткер бар.

2025 жылы одан да ауқымды жұмыстар жүргізу жоспарлануда – оған 400 миллион теңгеден астам қаржы қарастырылған.

Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясында 113 млн 800 мың теңге сомасына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Сондай-ақ, жазда 135 млн 670 мың теңге сомасына «Булаев мектеп-балабақша-бөбекжай кешені» КММ күрделі жөндеу, 70 млн теңге сомасына Жас техниктердің үйін күрделі жөндеу және 81 млн 280 мың теңге сомасына «Аққайың» лагерін

жөндеу жүргізілмек.

Ауданда қосымша білім беру оқушылардың 96%-ын қамтиды. 4 ұйымда және мектеп жанындағы үйірмелерде 3000-нан астам оқушы айналысады.

Біздің балалар ғылыми байқауларда, олимпиадаларда, спорттық жарыстарда және шығармашылық жобаларда жетістіктерге жетіп келеді.

Құрметті тұлғалар! Сіздердің алдарыңызда үлкен жол ашылғалы тұр. Армандарыңызға батыл барыңыздар, мектепте алған білімдеріңіз бен құндылықтарыңызды пайдаланыңыздар.

Біз Сіздерге сенеміз және ақ жол тілейміз, - деді Рахат Назымбекұлы.

Сондай-ақ салтанатты шарада білім ошағының басшысы мен ұстаздар қауымы үлкен өмірге қанат қаққан шәкірттеріне ыстық лебіздерін білдірді. Түрлі республикалық және халықаралық білім сайыстарында үздік нәтиже көрсеткен, оқу жылын үздік бітірген оқушыларды марапаттап, тұлғаларға сәт-сапар тіледі.

Қуаныш пен қимастық сезімі қатар өрілген күнде жас тұлғалар ұстаздарына ақ жарма тілектерін арнап, алтын ұяларын өнге қосты. Қоштасу вальсын билеп, жылы естеліктерімен бөлісті.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Өткен дүйсенбі күні аудандық Мәдениет үйінде мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай салтанатты іс-шара өтіп, оған мәдениет саласының қызметкерлері мен ардагерлері, кітапханашылар және жас өнерпаздар қатысты.

Мерекеге орай аудан әкімінің өлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов осы салаға еңбегі сіңіп, ауданның мәдени және рухани өмірінің дамуына ерекше үлес қосып жүрген жандарға аудан әкімі Рахат Смағұловтың атынан алғыс білдірді.

- Ұлттық руханияттың алтын арқауына айналып, ел мәдениетінің өрісін кеңейтіп, рухани дамуына сүбелі үлес қосып жүрген Сіздер - жарқын істердің ұйытқысысыздар.

Жыл бойы маңызды мәдени шараларды ұйымдастырып, ұлттық өнер мен тарихи жәдігерлерді дәріптеуде тиянақты іс тындырып жүрген мамандардың арқасында ауданның мәдениеті жылдан-жылға өркендеп келеді. Ал мәдениетті мықты елдің еңсесі биік, рухы да жоғары болатыны мәлім.

Сондықтан баршаңызға шығармашылық табыс, жаңа жетістіктер, зор денсаулық және шынайы көрермен ризашылығын тілеймін, - деді Азамат Сайранұлы.

Бұл күні мәдениет саласының дамуына ерекше үлес қосып жүрген жандар әртүрлі марапатпен марапатталды.

Мәселен, Надежда ауылдық кітапханасының кітапханашысы Гүлден Илюбаеваға Қазақстан



Кітапханалық Одағы тағайындаған «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісі табыс етілсе, аудандық Мәдениет үйінің директоры Динара Сұрағанова адал шығармашылық еңбегі, облыстың мәдениеті мен өнерін дамытуға қосқан зор үлесі үшін, Мәдениет және өнер қызметкерлері күнін мерекелеуге орай Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет

грамотасына ие болды.

Мәдениет және өнер қызметкерлері күнін мерекелеуге байланысты Молодогвардейское ауылдық кітапханасының кітапханашысы Гүлнәр Төлтаева мен аудандық орталық кітапханасының әдіскері Ольга Жигаева Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен бірге, сала қызметкерлеріне бұл күні аудан әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табыс етілді.

Мереке одан өрі облыс орталығынан келген Ақан сері атындағы облыстық филармониясының «Құрмет» ордені иегері Дәмеш Құрманқали, «Қызылжар» халық музыкасының ансамблі, «Сардар» тобы, «Туған жер» би ансамблі және басқа да өншілердің қойған концерттік бағдарламасымен ұласты.

Мереке соңында аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары орындаған «Мәдениет қызметкерлерінің гимні» өн жиналған көрермендерді қошеметке бөледі.

Мәдениет қызметкерлері жайында сөз қозғала қалса, көз алдымызға бірден түрлі-түсті көріністерге толы мерекелік кештер мен салтанатты концерттер елестейді. Шынында да, сырт кезге олардың еңбегі мереке іспетті әсер қалдырады. Себебі, күнтізбедегі әрбір атаулы күн – олардың тынымсыз еңбегімен мәнді де сәнді өтіп жатады. Сондықтан бұл сала мамандары қашан да құрметке лайық жандар.

«100 АУЫЛ» ЖОБАСЫ

ТЕМІРДІ САЗ БАЛШЫҚША ИЛЕЙТІН СЕРҒАЗЫ БАТЫР



Ел ішінде темірді саз балшықша илеп, 180 тонналық пойызды сүйреп, танымал болған балуан 1985 жылы Ақмола облысы Шортанды ауданы Новокубанка ауылында дүниеге келген. Қазіргі күні бірнеше рет Гиннес рекордтар кітабына енген алып батыр, «Құрмет», «Достық» Мемлекеттік ордендерінің иегері, Қажымұқан Мұңайтпасов пен Балуан Шолақтан өткен қазақ палуандарынан кем түспейтін тұлға. Сергей Валерьевич төрт жылдан бері «100 ауыл» жобасын ұйымдастырып келеді. Биылғы жылы бұл жоба «1000 ауыл» атауын алған. Аталған жоба қайырымдылық жұмысын ғана емес, сонымен қатар ауыл жастарымен тәрбие жұмысын, шеберлік-сынпын, ашық жаттығу, мотивациялық кездесу өткізеді.

Бұл жоба Қазақстан халқы Ассамблеясының отырысында мемлекет басшысының мақтауына ие болды. Өйткені, жобаның қаражаты тікелей Сергей Валерьевичтің және оның достарының «Сәтті жұлдыз» компаниясының қолдауымен болып отыр. Бүгінгі күні 136 ауыл, яғни 66000 астам оқушы қамтамасыз етіліп, салауатты өмір салтын ұстануға бағыт бұрды.

Сергей Валерьевичтің сәтін еліміздің ерталығы Астанада солтүстіктеріміз істеріміз ерталасқан қазақ Құралай ауылына танымал қазақстандық спортшысы қазақ балуандарының дәстүрлі жағастыруына Цырульникова Сергей Валерьевичтің ат басын шірдеді.

137 ауыл болып кезек біздің Құралай ауылына жетті. Кездесуге мектеп ұжымы, оқушылар және ауыл тұрғындары белсене қатысты. Алғашқы құттықтау сөзі Лебяжье ауылдық округінің әкімі Омарова Шырайым Ырысбайқызына беріліп, салтанатты шараны өзі ашып берді.

Батырды қарсы алуға мектептің алдына көкпаршы жігіттер жиналды. Кіре берістен әжелер шашу шашып, домбырашы қыздарымыздың әсем әні орындалды. Сергей Валерьевич ауылымыздың қымызынан да дәм татты. Ұлттық нақышта қарсы алып, спорт залының төріне жайғастырдық.

Өзін «Серғазы батырмын» деп таныстырған Сергей өзінің кәсібі жайында тоқталып, кейін жиналған қауыммен тығыз байланысқа түсті. Қалыңдығы 1 см темірден жасалған жылқының тағасын ауыл жігіттерінің бесеуі жабылып, бүге алмады. Көз алдында өзі сол тағаны майыстырып, жүрек төріздес фигура

жасап берді. Басқа да біз өлі көрмеген, таң қалдырарлық дүниелер халықтың қошеметіне бөленді. Дара туған нағыз алып күштің иесі екеніне көңіліміз толды. Сергей Валерьевич оқушыларға әкелген құрал-жабдықтарды сыйлады.

Біздің мектептің де спортшылары бар өнерлерін ортаға салды. Қазақтың ұлттық «Асық ату», «Бес асық» ойындарын Ораз Жанниет, Әділбекұлы Әділхан, Халел Инжу, Төлеген Дәрия сынды оқушыларымыз көрсетті. Грек рим күресінің элементтерімен Қуандық Жантуар, Дүйсебек Алдияр, Габулуахап Әлихан көрермендерді тәнті етті. Каратэнің қыр-сырын меңгерген Амангелді Әбілмансур өз өнерін көрсетті. Волейбол ойынын Генсюр Максим мен Амангелді Әлихан бастап еді, Сергей де қызыға ойнады. Одан кейін мектеп оқушыларының спорттағы жетістігі таныстырылды.

Кездесу кеші өте әсерлі, қызықты өтті. Жиналған әрбір адамның қуанышында

шек болған жоқ. Соңында батыр балуанмен естелік суреттерге түсіп, қонағымызды қошеметтеп шығарып салдық.

«Ауылым – алтын бесігім» демекші, қарапайым қазақ ауылдарына ахуал беріп, ескелең ұрпаққа үлгі болатындай, спортқа қызығушылық тудыруға ат салысқан Сергей Валерьевич Цырульниковке көп рақмет айтамыз!

Сондай-ақ ауыл жастарын демеп, кішігірім Құралай ауылының гүлденуіне қол ұшын берген Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Досбол Нұржанұлы Әбдрейісовқа алғысымызды жеткіземіз.

Шекарада орналасқан, айрандай ұйыған, бірлікте өмір сүріп жатқан Құралай ауылының тыныс-тіршілігі одан әрі көркейіп, гүлденуде! Қазағымның алтын бесігі – қарапайым ауылдардың түтіні түтей берсін!

Сабыр СӘРСИМОВ,
Қызыл Қазақстан орталау мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

ҚАРИЯЛАРЫМЫЗ - ҚАЗЫНАМЫЗ

ҚАРИЯЛАР АСТАНАНЫҢ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІН АРАЛАЙДЫ



«Ауылыңда қарияң болса, жазып қойған хатпен тең», «Қарғы бардың - қазынасы бар», «Ақылды қария - азынғы қария», - деп халқымыз ежелден қазыналы қарғын қадірлеп, мақтаныш тұтқан. Қарғығаға деген сүйіспеншілік пен ілбилік әр адамның жүрегіңдегі мейіріммен суарылып, қайтырмалықпен қалыптасуы маңызды.

23 мамыр күні аудандық ардагерлер кеңесінің ұйытқы болуымен аудан экономикасын өркендетуге өзіндік үлестерін қосқан, бұл күнде еңбегінің зейнетін көріп отырған құрметті қариялар Астана

қаласына саяхаттап қайтты. Бұл жарқын да жүрекке жылы саяхат бүкіл өмірін еңбекке және қоғамға қызмет етуге арнаған жандар үшін нағыз сый болды. Еліміздің әр қаласы біздің баға жетпес

құндылықтарымыз болса, Астана - ұлттық рухтың ордасы. Оның өсіп өркендеуі елдің ғана емес, өлемнің көзайымына айналуы әрбір қазақстандықтың көңіліне мақтаныш болып орныққан. Сәні


мен сәулеті жарасқан қала ай сайын түрленуде. Кімді болсын тамсандырған сәулеті өзгеше ғимараттардың қатары жыл сайын артады. Қариялар Астанаға сапарлары барысында қаланың көрікті жерлерін аралап, елден естігендерін, теледидардан көргендерін өз көздерімен тамашалады. Астана қаласының тарихи орындары мен көрікті жерлерінде болып, естелік фото суреттерге түсіп қайтты.

Экскурсия барысында елорданың көрікті жерлерін аралап, жаңартылған Қазақстанның символы - айбынды Бәйтерек монументінде, өзінің су асты өлемімен таң қалдырған әйгілі океанариумда, Тұңғыш Президент мұражайында қатысушылар еліміздің заманауи тарихының беттеріне үңілуге мүмкіндік алды, сондай-ақ өзінің сәулетімен және рухани атмосферасымен таң қалдырған Әзірет Сұлтан мешітінде болды.

Экскурсияға қатысқан әрбір мағжандық қария елордаға сапар ұйымдастырғаны үшін аудан әкімі Рахат Смағұловқа, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағандықовқа, білім бөліміне, ауданның педагогикалық ұжымдарына, сондай-ақ сапар бойы топпен бірге жүріп, зейнеткерлердің денсаулығын қадағалаған медицина қызметкері Әлия Тұрсынбаеваға шынайы алғыстарын білдірді.

Әр зейнеткер Астанада мақтаныш сезімімен орылып, ертеңгі күндеріне сеніммен қарап, келешек ұрпақтың болашағы жарқын болатынына шүбә келтірмейді.

Серік ЫСҚАҚОВ,
аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары.



ХАМЗА СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ
1896-23.11.1978 ЖЫЛДАРЫ ӨМІР СҮРГЕН.
ДҮЙСЕКЕ АУЫЛЫНДА ЖЕРЛЕНГЕН.

1930 жылдардың басы - Қазақстан халқы үшін зұлмат пен әділетсіздікке толы кезең. Кеңес билігінің қолдан жасаған ашаршылық пен жаппай қуғын-сүргін науқандары мыңдаған адамның өмірін тас-талқан етті. Сол қасіретті жылдардың бір күесі - Булаев ауданы Первомайский ауылдық кеңесінің

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ - ХАМЗА СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ ТІНЕЙ ҚАЗЫ ТЕГІ

тұрғыны, ауқатты шаруа, кейін қуғынға ұшыраған Хамза Сүлейменұлы.

«Бай-қулақ» деп танылған шаруаның тағдыры

Хамза Сүлейменұлы туралы алғашқы құжаттар 1931 жылдың 27 шілдесінде ашылған жеке істе сақталған. Булаев ауданының №8 ауылдық кеңесі 27 маусым күні оның шаруашылығын «қулаққо» деп танып, ауданнан тыс жерге аудару туралы шешім қабылдаған. Аталған шешімді аудандық атқару комитетінің президиумы да бекітеді. Құжатта былай деп көрсетілген:

«Постановили: ликвидацию хозяйства гражданина Сулейменова Х. как кулацкого и выселение его из пределов района утердить» (27.06.1931 жылғы хаттама №29).

Оның отбасы бес адамнан тұрған, үшеуі көмелет жасына толмаған. Кеңес өкіметіне дейінгі сипаттамасында Хамзаның иелігінде 40 жылқы, 10 сиыр, 5 бұқа, 10 бас мал және 10 десятина егістік болғаны айтылады. Сонымен қатар, ол жалшы ұстаған, бұл - сол кездегі «эксплуататор» түсінігіне толық сәйкес келеді.

Кеңестік жүйе кезіндегі «қылмысы» де Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де Сүлейменов Хамзаның жағдайы назарда болған. 1922 жылғы сипаттамада оның иелігінде 30 жылқы, 10 сиыр, 5 бұқа, 10 қой,

5 десятина егістік және ауыл шаруашылық құралдары болған. Сонымен қатар, ол «әрдайым алысатарлықпен айналысты» деп жазылған. Осындай негіздер бойынша оны кулақ ретінде есептен шығармау, дауыс беру құқығынан айыру туралы шешім қабылданады.

Халықтың араша түсуі

Алайда Хамзаның тағдырының осындай болуы тек жеке мәселесі емес еді. 1931 жылғы 15 қарашада Құдықтомар колхозының мүшелері атынан Булаевтық үштікке жазылған ұжымдық хатта оның бай ретінде танылуы үлкен қателік екені айтылады:

«Сүлейменов Хамза колхозда адал жұмыс істеді, ешқашан кедергі келтірмеді. Сондықтан біз, Құдықтомар колхозының мүшелері, оны байлар қатарынан алып тастап, ақтауды сұраймыз» - делінген бұл мәлімдемде.

Оған колхоз басшысы және белсенді мүшелер қол қойған: Сәрсенбаев, Құдайбергенов, Қойқұмов, Бектанов, Маненов.

Әділеттілік қалпына келтірілді ме? 1932 жылғы 12 тамыздағы Первомайский ауылдық кеңесінің Президиум отырысында Сүлейменов Хамзаның белсенді еңбегі ескеріліп, оны кулақтар қатарынан шығарып,

дауыс беру құқығын қайтару туралы шешім қабылдаған:

«Постановили: активность в работе Сулейменова Хамзы принять во внимание. Как неправильно ликвидированного, восстановить право голоса и исключить из рядов кулачества».

Бірақ Хамза атаның өзі 1933 жылы тағы да арыз жазып, өзіне әділетсіз шешімдер шығарылғанын айтып, қуғынға қайтаруды сұраған. Оның бұл соңғы әрекеті билік тарапынан қалай қабылданғаны белгісіз. Алайда архивтік құжаттар бұл азаматтың табандылығы мен ақиқат үшін күрескенін айғақтайды.

Хамза Сүлейменұлы - мыңдаған қазақ шаруасының атынан сөйлейтін тарихи тұлға. Оның басынан өткендер - кеңестік саясаттың шынайы бейнесі. Біз бүгін осы жандардың тағдырына бейжай қарамай, оларды еске алу арқылы тарихи әділеттілікті қалпына келтіруіміз керек.

31 мамыр - бұл тек еске алу күні емес. Бұл - үнсіз қалған тарихқа сөз беру күні.

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,
Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері, жас ғалым.

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ МЕН ҰРПАҚ ЖАДЫНДА ҚАЛУҒА ТИІС ТАҒДЫРЛАР

МЕНІҢ ТҮП НАҒАШЫ АТАМ — САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ АХМЕТОВ МӘДИ

Қазақстан тарихындағы қиын кезеңдердің бірі — 1930-жылдардағы саяси қуғын-сүргін мен раскулачивание толқыны. Бұл кезеңде мыңдаған қазақ отбасы талай қасірет пен азапты бастан өткерді. Менің түп нағашы атам Ахметов Мәди да сол кезеңнің құрбаны болды.

Ахметов Мәдидің тағдыры 1930 жылдардың басында Булаев ауданында шешуші бетбұрысқа ұшырады. 1928-1930 жылдар аралығында ол жақсы шаруашылық жүргізіп, егін егіп, мал өсірді. Атам 20-дан астам жылқы, 10 сиыр, 5 бұқа және 15 қойға дейін мал ұстап, күрделі шаруашылық құрал-жабдықтарына ие болды. Сондай-ақ, екі тұрақты батрак жұмыс істеді.

Алайда, колхоздастыру мен раскулачивание саясатына сәйкес, Ахметов Мәдидің шаруашылығы «кулаққо» хазяйство» деп танылып, 1931 жылы оның бүкіл малы мен мүлкі тәркіленіп, өзі аудандағы жерінен қуылды. Бұл шешім Булаев аудандық атқару комитетінің 27 шілдедегі №29 протоколымен бекітілген. Атам елдегі саяси жағдайға қарамастан, ешқандай сотқа тартылмаған, әскери қызметке де шақырылмаған. Бірақ ол «жеке еңбекші» ретінде қосымша салық төлегенімен, ұзақ жылдар бойы еңбекті пайдаланғаны үшін айыпталып, әлеуметтік оқшаулануға ұшырады.

Бүгін, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай, менің түп нағашы атам Ахметов Мәдидің аты-жөні мен

тағдыры ұмытылмай, кейінгі ұрпаққа үлгі болуын қалаймын. Ол мен үшін — өз халқының тарихындағы әділетсіздік пен қалқыны паш еткен қайраткердің бірі. Әрбір құрбанның есімі мәңгі есте қалуы тиіс, себебі олардың басынан өткен трагедиялар бізге әділдік пен бірліктің маңызын ұғындыруға көмектеседі.

МЕНІҢ ТҮП НАҒАШЫ АТАМ — САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ АХМЕТОВ СӘДУАҚАС

1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін мен қоғамдық өзгерістер қазақ даласында көптеген отбасыларға ауыр сынақ болды. Менің түп нағашы атам Ахметов Сәдуақас да сол қиын кезеңнің құрбаны болғаны анық. Ахметов Сәдуақас 1928 жылы өзінің сайлау құқығынан айырылған. Ол 1919 жылы бір жылқы мен бір сиырға ие болған, сондай-ақ мәдени қызметкер, дін қызметкері — мұла болған. 1929 жылы да сол мал-мүлікпен болғанымен, негізгі табысы қызметінен келген.

Саяси жағдай өзгеріп, кеңестік саясат жүргізілген уақытта Ахметов Сәдуақас көпшілікке қарсы шығып, саяси науқандарға қарсы агитация жүргізгені жазылған. Осы себепті оның отбасы мүшелері де қысымға ұшыраған. Ол батрак жұмысшыларын ұстамаған, яғни өзіне тәуелді егіншілер болмағанымен, оның саяси ұстанымы мен көзқарасы оған қатал жазаның себебі болған.

Ахметов Сәдуақастың жеке ісі 1931 жылы басталып, ол өзінің құқықтарынан айырылған «лишенец» ретінде тіркелген. Ол салық төлеуге міндетті болған, 1930

жылы 200 рубль, 1931 жылы 80 рубль салық төлеген.

Бұл трагедиялы тағдыр — сол кезеңдегі саяси репрессиялардың нақты мысалы. Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай, менің түп нағашы атам Ахметов Сәдуақастың есімі мен тағдыры ұмытылмауы тиіс. Ол халыққа қарсы жүргізілген әділетсіз саясаттың құрбаны, сонымен бірге өз пікіріне адал адам ретінде есте қалуы керек.

МЕНІҢ ТҮП НАҒАШЫ АТАМ — САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ БЕЙСЕНОВ МҰСА

Тарихтағы ең ауыр кезеңдердің бірі - 1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін мен раскулачивание кезеңі. Көптеген қазақ отбасылары осындай жағдайдан зардап шекті, олардың бірі — менің түп нағашы атам Бейсенов Мұса.

1929 жылы Бейсенов Мұса «кулақ» ретінде танылып, оның шаруашылығы тәркіленді, ал өзі аудан аумағынан қуылды. Бұл шешім 27 шілдедегі Булаев аудандық атқару комитетінің №29 хаттамасында бекітілген. 1918 жылы оның мал-мүлкі өте мол болған: 100 жылқы, 50 сиыр, 10 бұқа және 5 десятина егістік жері. Сонымен қатар, ол күрделі ауылшаруашылық құрал-жабдықтарына ие болды.

Атам ауылда батрак ұстап, оларды әділетсіз пайдаланғаны туралы деректер бар. Өзі жұмыс жасамаған, байлардың өмір салтын жүргізген.

Советтік кезеңде де оның малы мен егістігі көп болды, бірақ ол колхоз қозғалысына қарсы шығып, үкіметтің саясатын



СҮЛЕЙМЕНОВ ЖҰМАБАЙ
1903-12.1966 ЖЫЛДАРЫ ӨМІР СҮРГЕН.
ҚАСҚАТ АУЫЛЫНДА ЖЕРЛЕНГЕН.

орындамаған. Оның салық төлеу деңгейі де жоғары болған — 1928-1929 жылдары 160 рубльге дейін.

Бейсенов Мұса өз ықпалымен ауылда үлкен беделге ие болып, бірақ ол байлардың мүддесін қорғап, колхоз құрылысына кедергі жасаған. Бұл әрекеттері үшін ол саяси қысымға ұшырап, құқықтарынан айырылған. Осылайша, менің түп нағашы атам Бейсенов Мұса — кеңестік билік жүргізген әділетсіз саяси науқандардың құрбаны болып табылады. Біз бүгін саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, олардың тағдырынан сабақ алуымыз керек.

МЕНІҢ ТҮП НАҒАШЫ АТАМ — САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ СҮЛЕЙМЕНОВ ЖҰМАБАЙ

1930 жылдардың саяси қуғын-сүргін қазақ даласындағы көптеген отбасылардың тағдырын ауыр сынаққа салды. Солардың бірі — менің түп нағашы атам Сүлейменов Жұмабай.

1928 жылы Сүлейменов Жұмабай сайлау құқығынан айырылып, «лишенец» ретінде тіркелді. Ол үлкен мал-мүлкі бар байдың бірі еді: 1919 жылы 30 жылқы, 10 сиыр, 4 бұқа, 10 жас мал, 20 қой және 2 десятина егістік жері болған.

1928 жылы бұл көрсеткіштер одан да артты - 50 жылқы, 25 сиыр, 35 қой және салық төлеу 300 рубльге жеткен. Ол ауылда тұрақты және маусымдық үш батрак жұмыс істеткен.

Атам колхоз құрылысын қолдамай, үкіметтің саяси науқандарына қарсы шыққан.

1930 жылы жиналған астық жоспарын орындамағаны үшін ол Алма-Атаға айдалып, ауданнан қуылды. Оның малы тәркіленіп, шаруашылығы жойылды.

Сүлейменов Жұмабайдың ісі 27 шілдеде өткен Булаев аудандық атқару комитетінің отырысында қаралып, оның шаруашылығы «кулақ» деп танылып, ауданнан шығару туралы шешім қабылданды.

Бүгінгі күні саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде менің түп нағашы атамның тағдыры — әділетсіздік пен репрессияның куәсі ретінде еске алынып, ұрпаққа сабақ болмақ.

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,
Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері, жас ғалым.





Дүйсенбі, 2 маусым	Сейсенбі, 3 маусым	Сәрсенбі, 4 маусым	Бейсенбі, 5 маусым	Жұма, 6 маусым	Сенбі, 7 маусым	Жексенбі, 8 маусым
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 ФУТБОЛ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 13.10, 04.50 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.00, 00.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 14.50 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 15.50, 03.50 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.50 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 13.10, 05.10 ЕҢ ДӘМДІ. 14.00, 00.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 14.50 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 15.50, 03.50 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 01.40 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.50 САНА. 04.50 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 13.10 «ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ НЫШАҢДАРЫ». 13.35, 00.10 ҚОҢЛІ ТOLҚЫНЫ. 14.50 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 15.50, 03.50 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 01.40 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.30 САНА. 03.30 ҚОС ПАЛАТА.	06.00, 03.50 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 13.10 ЕҢ ДӘМДІ. 14.00, 00.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 14.50 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 15.50, 03.55 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.50 САНА. 04.55 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00, 04.10 ӘНУРАН. 06.05 ІНЖУ-МАРЖАН. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.50 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 13.10, 05.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.00, 00.40 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 14.50 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 15.50, 04.15 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Д/Ф. 17.40 ҚОҢЛІ ТOLҚЫНЫ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.25 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 «БЕУ». 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 03.10 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 00.30 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.05, 04.30 «ҚOҢЛІ ТOLҚЫНЫ». 08.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.30, 03.20 ЕҢБЕК АДАМЫ. 14.00 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 16.10, 03.45 ЕҢ ДӘМДІ. 17.20, 00.55 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.15 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.10 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.20 «ФАШЫҒЫМ», Х/Ф. 01.35 Д/Ф. 02.00 «ӘЛЕМНІҢ ТАҢАЖАЙЫП КОРІНІСТЕРІ», Д/Ф. 02.45 ТЕЛЕДӨРІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.35 М/Ф. 07.15 М/Ф «ҮШ МАРҒАУ». 08.05 КОНЦЕРТ. 09.20 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 «ФАШЫҒЫМ», Х/Ф. 14.10, 03.35 БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚOСПАЛАР. 14.30 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 16.30 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 17.15 ӨЗГІ ӘЛЕМ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 02.30 АПТА. 20.45, 03.15 МУДДЕ. 20.50, 03.20 АҚОРДА. 21.00, 22.20 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 23.35 «ГАУНАРТАС», Х/Ф. 01.15 ЗАМАНДАСТАР. 04.00 Д/Ф. 04.45 КҮМІС КОМЕЙ.

Дүйсенбі, 2 маусым	Сейсенбі, 3 маусым	Сәрсенбі, 4 маусым	Бейсенбі, 5 маусым	Жұма, 6 маусым	Сенбі, 7 маусым	Жексенбі, 8 маусым
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 ОЙНАҚ. 13.30 Т/Х «АРМАН ЖОЛЫНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00 Т/Х «СТАЖЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 22.30 Т/Х «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗКАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «АРМАН ЖОЛЫНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШІРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 ТҮРЛІ ДӘМ. 12.30, 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «АРМАН ЖОЛЫНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШІРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗКАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХААБАТЫ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШІРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 ДӨСТҮР. 12.20 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.20 КОНЦЕРТ. 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00 Т/Х «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 21.00 «БЕСБАРМАҚ», Х/Ф. 22.30 ОЙНАҚ. 23.30 «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ», Х/Ф. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕПІ QAZYNA. 07.00 «БЕСБАРМАҚ», Х/Ф. 08.30 Д/Ф. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ПАНДА И КНИВ». 12.00 «ОТЕЦ», Х/Ф. 14.00 «ХХІ ФАСЫР КӨШБАСПЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 16.15 «БІТНЕЙТИН ТОЙ», Х/Ф. 18.00 7 КУН. 18.45 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 19.00 КЕШ ЖАРЫҚ! 21.00 «ПЕРЕВОДЧИКИ», Х/Ф. 22.45 БІЗ ЕКЕУМІЗ. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕПІ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 08.00 Д/Ф. 09.00 М/Ф. 10.30 М/Ф «БАЛЕРИНА». 12.00 «ПЕРЕВОДЧИКИ», Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 КЕШ-ЖАРЫҚ. 16.15 «БІЗ ЕКЕУМІЗ», Х/Ф. 18.00 7 КУН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 21.00 «СТАВКА НА ЖИЗНЬ», Д/Ф. 22.00 «ОТЕЦ», Х/Ф. 00.00 БІТНЕЙТИН ТОЙ. 01.45 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 2 маусым	Сейсенбі, 3 маусым	Сәрсенбі, 4 маусым	Бейсенбі, 5 маусым	Жұма, 6 маусым	Сенбі, 7 маусым	Жексенбі, 8 маусым
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.15, 03.40 ТАМАША CITY. 08.15, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 09.15 «КОТЫ ЭРМИТАЖА», АНИМ Ф. 10.55 Т/С «С КЕМ ПОВЕДЕТЬСЯ». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АЛЕКС ЛЮТЫЙ. ДЕЛО ШУЛЬЦА». 00.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.15, 03.40 ТАМАША CITY. 08.10, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «С КЕМ ПОВЕДЕТЬСЯ...». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АЛЕКС ЛЮТЫЙ. ДЕЛО ШУЛЬЦА». 00.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.15, 03.40 ТАМАША CITY. 08.10, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 09.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «С КЕМ ПОВЕДЕТЬСЯ...». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АЛЕКС ЛЮТЫЙ. ДЕЛО ШУЛЬЦА». 00.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.05 П@УТИНА. 07.15, 03.30 ТАМАША CITY. 08.10, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 09.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «С КЕМ ПОВЕДЕТЬСЯ...». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.25 НОВОСТИ. 14.15, 01.45 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПОСРЕДНИК». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.00 П@УТИНА. 07.00, 03.45 ТОЙ БАЗАР. 08.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 09.00 «МЕДВЕЖИЙ ПЕРЕПОЛОХ», АНИМ Ф. 10.20 Т/С «ЕЛЕНА ПЕРКАСНАЯ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 «ИГРА В СУДЬБУ», Х/Ф.	06.00, 03.40 ТОЙ БАЗАР. 07.35, 02.50 «П@УТИНА». 09.15 ҚАЙМАҚ. 09.50 Т/С «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ». 13.40 «ИГРА В СУДЬБУ», Х/Ф. 18.00 ПЕРЕПОЙ ЗВЕЗДУ. 20.00 АСАУ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАП МЕН ЕЛ. 20.55 «ОДИНОЧЕСТВО», Х/Ф. 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 ТОЙ БАЗАР. 07.30, 02.40 «П@УТИНА». 09.15 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.30 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.15 «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ-2», Х/Ф. 14.05 Т/С «ОДИНОЧЕСТВО». 18.00 «ЛЮБИМАЯ ДОЧЬ ПАИЯ КАРИО», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «РЕЦЕПТ ЛЮБИ». 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

- Маңына ұрық шашпаған жақсылық, жалаңда жалғыз өскен бәйтерекше, түл болады да қалады.
- Тұмай жатып толдым деме, толмай жатып болдым деме.
- Тұмай жатып толдым деме, толмай жатып болдым деме.
Мұхтар ӘУЕЗОВ.



ГІР СПОРТЫ

СПОРТ АРДАҒЕРІ ЕРІК ӘЛІБАЕВ - АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТАҒЫ ДА ЕКІ АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ



14-19 мамыр аралығында Қыргызстан астанасы - Бішкек қаласында гiр спортынан Азия чемпионаты өтiп, оған 8 елден: Үндістан, Таиланд, Моңғолия, Қазақстан, Ресей, Өзбекстан және Қыргызстаннан 250-ден астам спортшы қатысты.

Қазақстан құрамасы сары құрлық додасында көптеген медальдарды жеңіп алып, 2-ші жалпы командалық орынды иеленді.

Аталған жарысқа біздің жерлесіміз - Сарытоғар ауылының тумасы Ерік Әлібаевтың қатысуы ерекше мақтанш сезімін тудырды. Спорт ардагері халықаралық аренада ел абыройын қорғап, лайықты өнер көрсетіп жүр.

медаль жеңіп алды.

Гір спортында толағай жеңіске жетіп жүрген Ерік Әлібаевты кезекті жеңісімен құттықтаймыз және одан әрі айтулы жеңістерге жете беруді тілейміз!

Алдағы уақытта Қытайда өтетін гiр спортынан Әлем чемпионатында Ерік ағамыз бен жалпы Қазақстан құрамасы сәтті өнер көрсететіне сенімдіміз!

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ



БАЛУАНДАР ҚОРЖЫНЫНДА: БІР АЛТЫН, БІР КҮМІС, БІР ҚОЛА

Мамыр айының 22-сі күні Айыртау ауданында 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен облыстың ашық чемпионаты өтіп, оған Мағжан Жұмабаев ауданы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері қатысты.

Облыс чемпионатында қазақ күресінен жаттықтырушы-оқытушы Амангелді Бәкіров баптайтын жас балуандар бақ сынап, жүлделі орындарға ие болды.

Мәселен, 42 кг салмақ Әміржан Даниал жарыс чемпионы атанса, дәл осы салмақта Сарсенбай Айдын облыс чемпионының қола жүлдегері атанды, 60 кг салмақта Темірғалиев Рақым күміс медальды иеленді.

Балуандар мен жаттықтырушыны жүлделерімен құттықтаймыз!

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,
БЖСМ басшысы.

АҚ БИДАЙ - 2025

ЖАЗҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК КӨПСАЙЫС БОЙЫНША АУДАНДЫҚ ЖАРЫС

2025 жылдың 24 мамыры күні Булаев қаласында Батыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің базасында жазғы Президенттік көпсайыс аудандық жарыстар болып өтті.

Президенттік көпсайыс - бұл қызметтік-қолданбалы спорт түрі. Жарыстың барлық қатысушылары жас санаттары бойынша кіші топтарға бөлініп, пневматикалық мылтықтан ату, граната лақтыру, қысқа және ұзақ қашықтыққа жүгіру.

Спорттық іс-шара «Ақ бидай - 2025» жазғы спорт мерекесінің бағдарламасы аясында ұйымдастырылып, оған ауылдық округтер мен Булаев қаласының спортшылары қатысты.

Жарыс алаңдарында әр спортшы дене шынықтырудың жоғары деңгейін, күшқатын, ерекше төзімділігін және жеңіске деген ұмтылысын паш етті.

Мұндай іс-шаралар салауатты өмір салтын насихаттауға, спорттық бәсеке-лестік рухын нығайтуға және аудан жастарын спорт төңірегіне біріктіруге ықпал етеді.

Тартысқа толы жарыстардың нәтижелер келесідей болды:

16-17 жастағы жасөспірімдер

- 1 орын - Қалдыржан С. (Қарақоға а/о)
- 2 орын - Гальянов Т. (Ұзынқол а/о)
- 3 орын - Маковецкий А. (Успенка а/о)

16-17 жастағы қыздар

- 1 орын - Никитина В. (Булаев қаласы)
- 2 орын - Сасина К. (Қарақоға а/о)
- 3 орын - Качубеева К. (Возвышен а/о)

18-20 жастағы жасөспірімдер

- 1 орын - Колосов И. (Булаев қаласы)
- 2 орын - Кайлов Э. (Ұзынқол а/о)
- 3 орын - Глебов А. (Қарақоға а/о)



18-20 жастағы қыздар

- 1 орын - Трошина Д. (Булаев қаласы)
- 2 орын - Грачева К. (Қарақоға а/о)
- 3 орын - Шкурнихина В. (Полудин а/о)

21-23 жастағы жасөспірімдер

- 1 орын - Приб В. (Қарақоға а/о)
- 2 орын - Мартыненко В. (Возвышен а/о)
- 3 орын - Кивалов С. (Полудин а/о)

21-23 жастағы қыздар

- 1 орын - Кун В. (Успенка а/о)
- 2 орын - Еремюшкина А. (Полудин а/о)
- 3 орын - Егорова К. (Возвышен а/о)

24-34 жастағы ерлер

- 1 орын - Сүлейменов С. (Булаев қаласы)
- 2 орын - Маковецкий А. (Успенка а/о)
- 3 орын - Нохрин К. (Қарақоға а/о)

24-34 жастағы әйелдер

- 1 орын - Фадеева В. (Булаев қаласы)
- 2 орын - Мамаева К. (Булаев қаласы)
- 3 орын - Грищенко В. (Полудин а/о)

35-39 жастағы ерлер

- 1 орын - Оралов С. (Қарақоға а/о)
- 2 орын - Сливкин А. (Алтын дән а/о)
- 3 орын - Мұсатаев Қ. (Булаев қаласы)

35-39 жастағы әйелдер

- 1 орын - Яловенко Т. (Возвышен а/о)

- 2 орын - Рузанова К. (Алтын дән а/о)
- 3 орын - Неугосимова И. (Лебяжье а/о)

40-49 жастағы ерлер

- 1 орын - Майлашев С. (Булаев қаласы)
- 2 орын - Есжанов М. (Аққайың а/о)
- 3 орын - Зиберт С. (Қарақоға а/о)

40-49 жастағы әйелдер

- 1 орын - Крайсвигитя О. (Возвышен а/о)
- 2 орын - Чернен О. (Қарақоға а/о)
- 3 орын - Нүрсейітова С. (Успенка а/о)

50-59 жастағы ерлер

- 1 орын - Тұрғамбеков Г. (Возвышен а/о)
- 2 орын - Форш В. (Алтын дән а/о)
- 3 орын - Ыбыраев К. (Ноғайбай би а/о)

50-59 жастағы әйелдер

- 1 орын - Серета Е. (Аққайың а/о)
- 2 орын - Карасева О. (Алтын дән а/о)
- 3 орын - Исмахамбетова Г. (Бәйтерек а/о)

60 жастаң жоғары жастағы ерлер

- 1 орын - Подмогильный В. (Қарақоға а/о)
- 2 орын - Кенжетәев С. (Ноғайбай би а/о)
- 3 орын - Боблев И. (Бәйтерек а/о)

60 жастаң жоғары жастағы әйелдер

- 1 орын - Скрипникова Н. (Возвышен а/о)

Жазғы Президенттік көпсайыстан аудандық жарыстарды қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте 1-ші орынды Булаев қаласы жеңіп алса, 2-ші орынды Қарақоға а/о командасы иеленді, ал 3-ші орынға Возвышен а/о спортшылары жайғасты.

Барлық қатысушылардың жеңістерімен және жүлделі орындармен құттықтаймыз және облыстық жарыстарда лайықты өнер көрсетулерін тілейміз.

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

<p>Директор - бас редактор Неля ГОИЧАР</p> <p>Газеттің үлестік иесі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.</p> <p>Тел: 2-17-49.</p> <p>Басылым индексі 65360</p> <p>e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan juldzy» газеті редакцияда теріліп беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Копуков к-сі, 5 үй). Тарауымы - 570</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік акпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады.</p>
--	--	--	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г қуәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады